

ӘОЖ 2.181

ҒЫЛЫМДАҒЫ ЭВОЛЮЦИЯ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ДІН АДАМНЫҢ ТҮП НЕГІЗІН ТАҢУ КОНТЕКСТІНДЕ

Шаймұрат Нұрдәулет

shaimurat.nurdaulet@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Түркітану кафедрасының докторанты, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш. Ибраев

Бұл мақалада осы уақытқа дейін ортақ мәмілеге келе алмай келе жатқан дін мен ғылым ортасындағы адамның шығу тегіне қатысты мәселелер талқыланады. Білім беру нысандарында әлі күнге дейін «адамның жаратылысын эволюциялық теориясымен түсіндіріп», ал діни ілім беретін орындарда «Құдай жаратты» деп келетін идеялардың ортақ тоғысатын нүктесін табу проблемалары келтірілді. Әрі осы проблемаларды шешуде жаңа тәжірибелер ұсына отырып, дін мен ғылымды ортақ мәмілеге келтіру мақаланың негізгі мазмұны болып табылады.

Түйінді сөздер: интеллект; рух; рухани болмыс; зейін, болмыстың бірлігі, Құдай; эволюция; Хомосапиенс.

Адам баласы ес біліп, оң мен солын бағамдап, кім екенін тануға ұмтылғалы бері қаншама заман өтсе де уақыт пен кеңістіктің терең қойнауынан бастау тартатын ежелгі іздерін, рухани болмысын, өзінің жаратылыс негізін іздеумен келеді. Адам жаратылысы жайлы дискуссия ғасырлар бойы жалғасуда. Түп негізін іздеу концепті ғылым мен техника дамыған, ақпараттық заманның өзінде де идеологиялық тартыс алаңы болып тұр. Бұл концептіні негізінен екі жағынан қарастыруға болады: адамның биологиялық негізі жағынан және рухани негізі (тән мен рухани болмысы) жағынан.

Көбінде материалист пен реалист ғалымдар адамның биологиялық негізін маймыл тектес алғашқы адамдардан таратып, Дарвиннің атақты эволюция теориясына сүйеніп

келді. Ал, ақыл-ойының дамуының алғы шарттарын еңбек феноменімен байланыстырып түсіндірді. Мысалы, осы сала өкілдері Энгельс: "Адамның тік жүре бастауы маймылдан адамға өтуде шешуші қадам болды" десе, Маркс К.: «Адамды адам еткен еңбек» деуі осының дәлелі.

Бірақ қазіргі ғылым сол материализмді жоққа шығарып материалистік философия, идеалистік философия деп бөліп қараудың өзі дұрыс емес деген қортындыға келді. Материализм мен идеализм екеуі де тек танымның тұғырнама формалары ғана бола алады. Материализм көзге көрінетін деректі заттарды, ал идеализм метафизикалық, дерексіз заттарға негізделген схемалық жасанды бағыттар екенін анықтады. Екеуін бөліп қарау немесе тек біреуіне сүйеніп тұтас танымды зерттеуге тырысу дәстүрі кешегі Кеңес Үкіметімен бірге күйреді.

Материализм келмеске кетсе де адамның биологиялық негізін танитын эволюция теориясы әрі қарай дами түсті. Ол биологиялық пән ретінде қалыптасып әрі жаратылыстану салаларымен, әлеуметтік ғылымдармен, диалектикалық материализм философиясымен тығыз байланысты ілім ретінде зерттеліп келеді.

Осылай адамның биологиялық даму жолдары эволюция теориясы негізінде арнайы принциптерге сүйене отырып көптеген жаңа әдіс-тәсілдер арқылы (популяциядағы түр түзілуге дейінгі эволюциялық әрекеттерді эксперимент жасай отырып зерттеу; эволюция проблемаларын теориялық жолмен зерттеу) зерттеліп келеді [1].

Енді адамның ақыл-ой, санасы, рухани болмысы қалай зерттеліп жатыр соған көңіл бөлейік. Жалпы адамның экзистенциялық болмысын зерттеу бұрыңғыдан да маңызды саналып, күрделене түсті.

Қазіргі күні адамтанумен көптеген ғылымдар айналысады: антропология, гнесология, философия, психоаналитика, феноменология, экзистенция, спиритизм т.б. Бұл ғылымдар адамның рухани болмысының ерекше жаратылыс екенін мойындай келе, биологиялық негізі сияқты кездейсоқ клеткалардың ажырауынан пайда бола салған жаратылыс емес екенін және ақыл-ойы еңбек етумен дамып қоя салмағанын, барлығының жетекшісі адамның рухы екенін екенін мойындады. Рухты жеке феномена деп алып қарастыра бастады.

Сондықтан батыс ғалымдары ендігі жерде адам рухы жайлы діндерде де айтылатын концептілерге назар аударып маңызды бір зерттеу нысанына айналдырып отыр. Діндердегі экзистенциялық идеяларды терең зерттеу арқылы батыста өте құнды саналатын либералды гуманизмді дамытудың негізгі әдіс-тәсілдерін қалыптастырып үлгерді [2, б.201].

Ендеше жалпы діндердегі адам рухына қатысты концептілерге тоқталайық. Монотеистік діндер (христиан, ислам, яхуди) адамның жанының (спирит) о бастан жаралып қойғанын, мәңгі өлмейтінін, оның бұл дүниеде істеген істері үшін ақіретте жауап беріп тозақ не жұмақта мәңгі қалатыны жайлы айтады. Буддизм мен индуизм, брахмания ілімдерінде адам жаны өлгеннен кейін қайта тіріліп (реинкарнация) басқа бір жаратылыс иесіне көшіп жүреді деп сенеді [3, б.94]. Бұл діндердің барлығы да биологиялық тән ғана өлетінін, ал жанының жасай беретінін құптап отыр.

Ислам мистицизмінде бұл мәселе күрделірек, «жан» мен «рух» екеуі екі түрлі деп қарайды, әрі бұл түсінік біздің ата-баларымыздың танымына да осы діні арқылы сіңген.

Ашықтап айтсақ, «жан» хайуанда, жәндіктерде де бар, ал «рух» тек адамдарда ғана берілетін ерекше болмыс ретінде қарастырылады. Адамда басқасын биік етіп хайуаннан айырып тұрған да сол рухы, «Құрандағы бір сыр үрледік» деп келетін де осы рух жайлы баян. Рух дегеніміз Абайдың тілінде айтқанда жүректегі «ыстық ақыл», Шәкәрімше айтсақ «шын ақыл». Ал өз тілімізде айтар болсақ басқа жаратылыстан жоғары етіп тұрған біздің интеллекті санамыз.

Исламның қасиетті кітабы Құран Кәрімде «Олар шын мәнінде біз Аллаға тәнбіз әрі Оған қайтушымыз!» (Инна Ли-Лляхи Ва Инна Иляйхи Раджи'ун) (Бақара сүресі, 1/156 аят) деп келеді. Аллаға тәнбіз деп отырғаны адамның өзі ғана, яғни рухы, ал тәні жерден жаралған, ол сол жерде қалады.

Абай хақімнің: *Ақыл мен жан мен өзім, тән менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі* [4, б.12] - деуінің мағынасы осында,

немесе,

*Мекен берген, халық қылған Ол ләмәкан
Түп Иесін көксемей бола ма екен?
Және Оған қайтпақсың, оны ойламай,
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?* деп рухының түп Иесі

Жаратқанға қайтатынын ескертеді [4].

Шығыстың ұлы шайырларының бірі, ислам мистицизмінің көрнекті өкілі Руми Жәлаладдин өзінің атақты 6 томнан тұратын парсыша жазылған «Мәснауи Мағнауи» еңбегін былай бастайды деп,

*Bişnev ez ney çün hikâyet mîküned
Ez cüdâüîhâ şikâyet mîküned
بشنوازی چون حکایت می کند
از جداییها شکایت می کند
Тыңда сырнай, бар онда хиқаят сабағы,
Айрылысулардың мұң-зарын шағады.
Мен қамыс едім, кесіп әкелді,*

Зарымнан еркек, әйел көз жасын төкті. [5, б.24].

Негізінде осы 6-том, 27000 бәйіттен тұратын кітаптың алғашқы осы бәйітін – екі жолын түсінбеген адам толық кітаптың мәнін түсіне алмайды деп есептеген. Ол жердегі аллегориялық мағына да Құран аятындағыдай, немесе Абайдың келтірген өлең жолдарымен интертекстік мағынада астасып жатыр. Яғни, қамысты Нейстаннан (қамыс өсетін жер) кесіп әкеліп сыбызғы жасайды, ал сыбызғыдан зарлы үн төгіледі, ол үн қамыстың өзінің негізін – Нейстанды аңсаған сағынышының зарлы үні еді... Қамыс пен қамысстан да Құдай мен адам рухының символикалық астары болып беріліп тұр.

Бұл философия заманының ғұлама ұлы Машһүр Жүсіп Көпейұлы шығармасында да кездеседі:

"Қазақта бір мақал бар: "Ер туған жеріне, ит тойған жеріне". Қазақ соның айтуын білсе де, мағынасын білмейді. Бұл "Хадис Шарип"-тен мағынасы алынған сөз. Адамның асылында шыққан жері - рухының өр боп өңдіген жері - Құдай тәбәрік тағаланың құдірет қасы. Ал денесінің шыққан жері - топырақ. Мұнан мағлұм болды: шын жұрты, шыққан жұрты - ақырет ғаламы. Жалған дүниенің жүзі - ішпек, құшпақ, тышпақ үшін болған, тойған жері болды. "Ердің ері, егеудің сынығы" - болған жан ақырет жұмысын хоштап, соның жабдығын ойлап, есі-дерті, туған жер сонда болады. Ер болмаған, ерлік ісін қыла алмаған - жұртта қалған жемтік өлексені қиып кете алмаған иттей болып, дүниешілігімен алданып қалады" [6, б.201].

Араб тілді ислам философиясының ең көрнекті өкілдерінің бірі Әбу Насыр Әл-Фараби де жоғарғы ойларды қуаттай түседі. Өзінің атақты «Теология трактатында» бүкіл жаратылыс форма мен материядан құрылатынын баяндай келе «жанның формасы **зерде**, жанның денелерге беретін түрлі формалары сияқты зерде де жанға түрлі формаларды береді. Алла зердеге барлық формалардың күшін берген. Зерденің жанда жасайтын формалары – шынайы формалар болмақ, ал жанның денеге беретін формалары солардың мысалдары мен өзгерістері. Жан зердеге қарағанда басқа болады, зерде жаннан анағұрлым абзал, ал анағұрлым абзал өзінен төмен нәрседен жоғары тұрады. Бұл адамдардың жан тамам болып кемелденсе, зердені жаратады деген пікірлеріне қарсы келеді» деген ой айтады. Әл-Фараби біздің жоғарыдағы Алла тарапынан адамға берілген рух деп аталатын жоғарғы қасиетті «зерде» деп, ал Жаратушының өзін «бірінші негіз» деп қарайды [7, б.362]. Және адам дүние салған соң, оның рухы азапқа толы немесе рахатқа толы келесі өмірге өтеді деген ойды

ешқашан жоққа шығармайды. Бірақ ол өмір тек рухани болады. Келесі өмірде адамдарға берілетін материалдық, тән сауаптары туралы идеяны Әл-Фараби адам парасатының (зердесінің) барлық материалдық шектеулерден босап, толық, жетілген парасатқа (зердеге) айналуымен түсіндірген [8]. Бұл жерде әл-Фараби «толық жетілген парасат немесе зерде» деп адам рухының түп Иесіне қайтқанын айтып отырғаны сөзсіз.

Жоғарыдағы Әл-Фараби, Руми, Абай, Машһүрден келтіріп отырған мысалдарда Құдай өз болмысынан адамға рух сыйлаған, ал ол рухы адамды Адам етіп басқалардан биік көрсетіп тұр, өлгеннен кейін рухы кері оралады. Осылай, әлемнің (адамның) жоғары құдайдан «ағып шығуы», пайда болуы ғылымда эманация (лат. emanatio – ағу) теориясы деп аталады. Бұл жағдайда құдайлықтың өзі өзгеріссіз қалады, ал одан аққан бөлшек кейін өзіне кері қайтады. Эманацияның теориясы теизм (Құдай әлемді жаратады) және пантеизмнің (Әлемнің өзі құдай) сенімдерінің кейбір белгілерін біріктіреді. Эманация теориясының белгілерін тек ислам ғана емес пифагоршылдарда, гностиктерде, христиандық теологияда кездестіруге болады [9].

Исламда Алланы әлемнің мазмұны, мәні, ал әлем болса Хақтың көрінісі деп көретін болмыстың бірлігі – «вахдати вужуд» теориясы бар. Ал христиандарда «пантеизм», исламдағы вахдати вужуд екеуі де ұқсас сияқты көрінгенімен араларында айырмашылық бар. Пантеизм «Әлемнің өзі Құдай» деген түсінікке келсе, исламдағы болмыс бірлігі теориясы Құдайды мәні жағынан – абсолюттік Ақиқат, ал сипаттары (белгілер жиынтығы) жағынан ғана Әлемде көрінеді дейді. Бұл жерде Әлемнің ішіне адамның да болмысы толық кіріп тұр. Яғни, Алланың сипаттары да Адамда көрініс табады [10, б. 115].

Осы ойлардың барлығын қортындылай келе, біз төмендегі тұжырымды жасаймыз. Ғылымдағы эволюция заңы бойынша, Homo sapiens – «саналы адамы» 70 мың жыл бұрын басқа түрлерден (ниандерталь т.б.) санасы, ойлау қабілеті жағынан көш ілгері ерекшеленіп когнитивтік революция (тілдің пайда болды) жасап бүгінгі өркениеттің негізін қалады [2]. Сол когнитивтік революция жасауға негіз болған ақыл-интеллект материалистер айтқандай еңбек феноменінің ғана жемісі емес, біздің пайымымызша эманация теориясы бойынша Құдайдың адамға сыйлаған рухының прототипі есебінде жүреді, яғни ғылымдағы көрінісі.

Олай дейтініміз жоғардағы талдаулардағыдай дін мен ғылымға ортақ болып тұрған бір идея бар, ол адамға ғана берілген интеллект, зейін немесе рух. Ғылыми тұрғыдай айтсақ адамзат басқа хайуандар сияқты биологиялық жағынан қалыптасып, дами келе **ақыл-интеллект** пайда болып барып ғана басқасынан жоғары дәрежеге көтеріледі. Сол пайда болған **интеллектіні** біз құдай тарапынан берілген рух деп қарастырып отырмыз.

Яғни, дін бойынша «балшықтан жаралған» адамға Құдай тарапынан **рух** берілді де ақылды болып он сегіз мың ғаламның жердегі басшысы болып шыға келді. Негізі екі идеяның да түпкі негізі бірдей.

Бастағы ойдың бармақтай түйіні мынау, адам эволюция заңдылығы арқылы біздің бүгінгі көріп жүрген маймылдан емес, ерекше бір түр (тип) – Homo sapiens ретінде дамып келді де оған жаңағы Жаратушы тарапынан **рух – интеллект** берілді. Оны ғылым «саналы адам» деп атаса, дін «алғашқы адам (Адам ата)» деп атады. Осы ұсынып отырған идея арқылы біз дінді де, ғылымды да жоққа шығармаймыз. Әрі дін мен ғылым ортасындағы ұзақ уақыт бойы жалғасып келе жатқан шешілмес қайшылықтарды (антениомия) шешуге қадам жасап отырмыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Воронцов Н.Н. Сухорукова Л.Н. Эволюция органического мира М.,1991.
2. Ювал Н.Х. Sapiens: Адамзаттың қысқаша тарихы. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 2018. 201 б.
3. Армстронг К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайдану баяны . Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 2018. 94 б.
4. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы, 2 том. Алматы. Жазушы, 2005. 12 б.

5. Мәулана Ж.Р. Маснауи Мағнауи. 1 кітап. Кония, 2009.
6. Машһүр Ж.К. Шығармалар жинағы, 12 том. Павлодар, ЭКО, 2013.
7. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. Алматы, «Арыс», 2009. 362 б.
8. Алтаев Ж.А., Амиркулова Ж.А. «Әл-Фараби шығармашылығындағы дін мен философияның ортақтастығы». ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №3 (44). 2013. 3 б.
9. Зағыпаров Қ.Ф. Философиялық терминдердің сөздігі. Павлодар: ПМПИ. 2011. — 177с.
10. Кенжетәев Д.Т. Қазақ мұсылмандығы және оның қалыптасу алғышарттары. Астана, «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. 115 б.